

Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданының Нежинка ауылдық округі әкімінің 2025 жылғы 14 тамыздағы № 32 шешімі

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 19-бабы 1-1) тармақшасына, 69-бабы 4-тармағының 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес, Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мұсірепов атындағы ауданы Нежинка ауылдық округ әкімі ШЕШТІМ:

1. "Буденное-СК" жауапкершілігі шектеулі серікtestігіне Солтүстік Қазақстан облысы, Ғабит Мұсірепов атындағы аудан, Нежинка ауылдық округі, Ефимовка ауылы мекенжайы бойынша орналасқан жер участкелерін алып қоймадан, суару массивіне су алу және жеткізу үшін инфрақұрылым салу үшін жалпы алаңы 0,8621 гектар жер участкесіне 49 (қырық тоғыз) жыл мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округ әкімі

O. Оспанова